

Әр кездегі ой түйіндері

* * *

Билік басындағылар ойына келгенін істеген кезде, баспасөз аузына келгенін оттай бастайды.

* * *

Біреулер естігенде ұялатын істі, біреулер өз қолымен істегенде қалай ұялмайды екен.

* * *

Көктем әдемілігімен, жастығымен ғана көңіл көтермейді, ертең жаз шығады-ау, күн жылиды-ау, алыс-алыстарға жол ашылады-ау деген жақсы үміттерді оятуымен де жанға жайлы.

* * *

Еркектер еш уақытта әйелдей сүйе алмайды. Өйткені ақыл жүрген жерде ешкімді, еш нәрсені шын сүю мүмкін емес.

* * *

Сүю – интеллект. Сүю мидан емес, жүректен. Ал жүрек ақылды аға тұтпайды.

* * *

Өз қызметін адал атқарған жердің бәрінде бірдей имандылық бола бермейді. Қызметтегі міндетін тым-тым адал атқарған адамдардан талай кезде, талай жандар зардап шеккен.

* * *

Тірі адам өлгенді мақтағанда да ұятты ұмытпау керек. Ұят өтіріктен.

* * *

Адам біреуге қайырымдылық, біреуге жақсылық жасап жүріп те ешуақытта өзін ұмытпайды.

* * *

Жер жаралғалы ең зор қасіреттің бәрін ақылдылар жасаған.

* * *

Адам ең болмағанда екі жерде өтірік сөйлемей керек: алдымен – қаза үстінде, сосын ақ дастарқан басында. Ұятсыздыққа қарай, ең көп өтірік те қазір осы екі жерде айтылады.

* * *

Қырықтан асқаннан кейін жақсы көретін інілерің, сыйлайтын ағаларың ғана болады. Шын досың – Алла ғана.

* * *

Достық – алдамшы ұғым. Тұрлаусыздық, тұрақсыздық, баянсыздық дегендер көбінде төңірегінде жүреді. Қысқа күнде қырық құбылып жүрсе де қарындасқа (туысқа) шіркін не жетсін.

* * *

Әйелдер бір-бірімен жас кезінде де, жасамыс кезінде де ешуақытта адал дос бола алмайды.

* * *

Махаббат орнын адамгершілік ауыстырған кезде сыйластық қана қалады.

* * *

Сыйластық – ауылда, сүйіспеншілік – жүректе.

* * *

Тепсе кетпес бақ та жоқ,
Темірдей берік тақ та жоқ.

* * *

Қазақтың тілін аудармалар бұзады.

* * *

Ақылды адамдар өмірмен сүйіп табысып, жек көріп қоштасады. Жек көргенге жеткен кезде, одан әрі өмір сүрудің мәні де болмай қалады. «Қимай кету, сыймай кету» деген күлкілі мұндай жағдайда.

* * *

Дүние алашұбарлығымен сұлу.

* * *

Біреуге сауабы тиер болса, мен күнә жасауға да дайынмын.

* * *

Жастардың көбі үлкендерге менсінбей қарайды. Олар үшін үлкендер артта қалған (отсталы), түк білмейтін, мың рет түсіндірсе де жаңалық атаулы миына кірмейтін топастар, кешелер. Бір, бүгінгі ұрпақ, баяғы бабаларға да тура осылай қараймыз. Дәлірегінде, біздің ұғымымызша – ұрпақтар ауысқан сайын адамдар ақылды бола беретін сияқты. Бірақ, бір қызығы бәрі де керісінше...

* * *

Көктегі Құдай жазалауға асықпайды, жердегі құдайлар жарылқауға асықпайды.

* * *

Мәдениетті адамның мәдениеттілігін мәдениеттілер ғана түсінеді. Басқалар үшін ол – можантопай.

* * *

Еңбекті Құдай көреді, адам бағалайды.

* * *

Жақсы адам жақсы есімін тірі кезінде-ақ тірілердің жүрегіне жазып кетеді.

* * *

Әр сөздің мағынасымен қоса пиғылы да болады.

* * *

Адамша өмір сүрудің ең басты алғышарты – ойлауға, ойлануға ерінбеу керек! Ойлануға ерінбеген адам бір жағынан жақсы өмір сүреді. «Ей, адам баласы, ойлануға ерінбеңдер!» Осындай ұранды кез-келген жерге: көшеге, үйдің төбелеріне, маңдайшаларына жазып қойса ғой!

* * *

Абайдың рухын атом бомбасы да құрта алмаған екен.

* * *

Бейімбет ойланбай жазатын сияқты. Сөз орамдарының табиғылығы соны байқатады.

Шын таланттардың сөзі өзінен өзі төгіліп тұрады-ау.

* * *

Адам баласының ғұмыр бойы қолына шам алып іздейтіні – әділдік, шындық. Бірақ, бір қызығы, кім-кім де сол әділдік, шындықты алдымен өзінен іздемейтіні несі екен!

* * *

Үлкеннің ақымақтығы сол – кішіні ақымақ көруінде.

* * *

Ақылсыз, рухсыз, білімсіз адам «аворитет» алдында құдық ұрып тұрады. Сонысымен өзін бейшара етіп көрсетеді.

* * *

Өмір көбінде ақымақ адамдармен қызықты.

* * *

Қандай ақылды болсаң да дүниеге деген өз көзқарасың мен талғамыңды басқаға таңуға болмайды. Яки сенің талғамың басқаларға қалып емес.

* * *

Ғылыми деректерде әйел заты жақсы жинайды, еркектер жақсы қорытады.

* * *

Біз ылғи да алға кетіп бара жатқандай боламыз. Қараңдаршы, мүмкін артқа кетіп бара жатқан шығармыз? Адам да... Қоғам да...